ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
ҒЫЛЫМ КОМИТЕТІ
Ш.Ш.УӘЛИХАНОВ АТЫНДАҒЫ ТАРИХ
ЖӘНЕ ЭТНОЛОГИЯ ИНСТИТУТЫ

# «EDU.E-HISTORY.KZ»
# ЭЛЕКТРОНДЫҚ ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛЫ



*№ 4(20) қазан-желтоқсан 2019*
**ISSN 2710-3994**

**Бас редактор:**
Қабылдинов Зиябек Ермұқанұлы

**Редакциялық алқа:**
*Абашин Сергей Николаевич – тарих ғылымдарының докторы, профессор, Санкт-Петербургтегі Европа университеті (Ресей)*
*Абдырахманов Толобек Абылович – тарих ғылымдарының докторы, профессор, И. Арабаев атындағы Қызғыз мемлекеттік университетінің ректоры. (Кырғызстан)*
*Аяған Бүркітбай Ғелманұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР БҒМ ҒК Мемлекет тарихыинституты директорының орынбасары. (Казахстан)*
*Әлімбай Нұрсан – тарих ғылымдарының кандидаты, профессор, Қазақстан Республикасы Орталық мемлекеттік музейінің директоры. (Қазақстан)*
*Әбусеитова Меруерт Қуатқызы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА корр.-мүшесі. ҚР БжҒМ ҒК Р. Сүлейменов атындағы Шығыстану институтының «Тарихи материалдарды зерттеу» орталығының директоры. (Қазақстан)*
*Әбіл Еркін Аманжолұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР БҒМ ҒК Мемлекет тарихы институтының директоры. (Қазақстан)*
*Голден Кэтти Стромайл (Kathie Stromile Golden) – PhD, Миссисипи өңірлік мемлекеттік университеті (Mississippi Valley State University) (АҚШ)*
*Кәрібаев Берекет Бақытжанұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, «Қазақстан тарихы» кафедрасының меңгерушісі. (Қазақстан)*
*Қожамжарова Дария Пернешқызы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетінің ректоры. (Қазақстан)*
*Кожирова Светлана Басиевна – саясаттану ғылымдарының докторы, профессор, Фудан Университетінің Қытай және Орталық Азияны зерттеу орталығының мен «Астана» ХҒК бірлескен директоры (Казахстан)*
*Козодой Виктор Иванович – тарих ғылымдарының докторы, профессор. (Ресей)*
*Көкебаева Гүлжауһар Какенқызы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР БҒМ ҒК Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты (Қазақстан)*
*Көмеков Болат Ешмұхамедұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті Халықаралық қыпшақтану институтының директоры, Л.Н.Гумилев атындағыЕуразия ұлттық университетінің профессоры. (Қазақстан)*
*Матыжанов Кенжехан Ісләмжанұлы – филология ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА корр.-мүшесі, М.О. Әуезов атындағы әдебиет және өнер институтының директоры. (Қазақстан)*
*Моррисон Александр (Morrison Alexander) – PhD, профессор Оксфордского университета (Великобритания)*
*Муртазаева Рахборхон Хамидқызы – тарих ғылымдарының докторы, Мирзо Ұлықбек атындағы Өзбекстан ұлттық университеті «Өзбекстан тарихы» кафедрасының профессоры. (Өзбекстан)*
*Панто Дмитрий (Panto Dmitri) – PhD доктор, Гданьск қаласындағы Екінші дүниежүзілік соғыс мұражайының ғылыми қызметкері. (Польша)*
*Римантас Желвис (Želvys Rimantas) – тарих ғылымдарының докторы, профессор, Вильнюс педагогикалық университеті (Литва)*
*Самашев Зайнолла Самашұлы – археолог, тарих ғылымдарының докторы, профессор, Герман археология институтының корр.-мүшесі. ҚР БҒМ ҒК Ә. Марғұлан атындағы Археология институты. (Қазақстан)*
*Сайлан Болат Санабайұлы – тарих ғылымдарының докторы, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті. (Қазақстан)*
*Смағұлов Оразақ Смағұлұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, Балон ғылым академиясының корр.-мүшесі, Ш.Ш. Уәлиханов атындағы сыйлықтың лауреаты, ғылым мен техниканың еңбек сіңірген қайраткері, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің профессоры. (Нұр-Сұлтан, Қазақстан)*
*Сыдықов Ерлан Бәтташұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің ректоры. (Қазақстан)*
*Таймағамбетов Жәкен Қожахметұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, ҚР Ұлттық музейі. (Қазақстан)*

**Жауапты редактор:**
Қаипбаева Айнагүл Толғанбайқызы
**Ғылыми редактор:**
Қозыбаева Махаббат Мәліккызы
**Редактор:**
Кубеев Рустем Жаулыбайұлы
**Жауапты хатшы:**
Қоңқабаева Арайлым
**Техникалық хатшы:**
Хумарзах Алтынбек

**Главный редактор:**
Кабульдинов Зиябек Ермуханович

**Редакционная коллегия:**

*Абашин Сергей Николаевич – доктор исторических наук, профессор, Европейский университет в Санкт- Петербурге (Россия)*

*Абдырахманов Толобек Абылович – доктор исторических наук, профессор, ректор Кыргызского государственного университета им. И. Арабаева (Кыргызстан)*

*Алимбай Нурсан – кандидат исторических наук, профессор, директор Центрального государственного музея Республики Казахстан (Казахстан)*

*Абусеитова Меруерт Хуатовна – доктор исторических наук, профессор, чл.-корр. НАН РК, директор Республиканского центра по изучению исторических материалов Института востоковедения имени Р.Б. Сулейменова (Казахстан)*

*Абиль Еркин Аманжолович – доктор исторических наук, профессор, директор Института истории государстваКН МОН РК (Казахстан)*

*Аяган Буркитбай Гелманович – доктор исторических наук, профессор, заместитель директора Института истории государства КН МОН РК (Казахстан)*

*Голден Кэтти Стромайл (Kathie Stromile Golden) – PhD, Государственный университет долины Миссисипи (Mississippi Valley State University) (США)*

*Исмагулов Оразак Исмагулович – доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, член-корр. Болонской академии наук, лауреат премии им. Ч.Ч. Валиханова, заслуженный деятель науки и техники, профессор Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилева (г. Нур-Султан, Казахстан)*

*Карибаев Берекет Бахытжанович – доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, заведующий кафедрой истории Казахстана, Казахский национальный университет им. аль-Фараби (Казахстан)*

*Кожамжарова Дария Пернешовна – доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, ректор Южно-Казахстанского университета им. М.Ауэзова (Казахстан)*

*Кожирова Светлана Басиевна – доктор политических наук, профессор, содиректор Центра исследования Китая и Центральной Азии Фуданьского Университета и МНК «Астана», руководитель Центра китайских и азиатских исследований (Казахстан)*

*Козодой Виктор Иванович – доктор исторических наук, профессор (Россия)*

*Кокебаева Гульжаухар Какеновна – доктор исторических наук, профессор, главный научный сотрудник Института истории и этнологии им. Ч.Ч.Валиханова КН МОН РК (Казахстан)*

*Кумеков Болат Ешмухамбетович – доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, директор Международного института кипчаковедения Казахского национального университета имени аль-Фараби, профессор Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилева (Казахстан)*

*Матыжанов Кенжехан Слямжанович – доктор филологических наук, профессор, чл.-корр. НАН РК, директор Института литературы и искусства им. М. Ауэзова (Казахстан)*

*Моррисон Александр (Morrison Alexander) – PhD, профессор Оксфордского университета (Великобритания) Муртазаева Рахборхон Хамидовна – доктор исторических наук, профессор кафедры «Истории Узбекистана»*

*Национального университета Узбекистана имени Мирзо Улугбека. (Узбекистан)*

*Панто Дмитрий (Panto Dmitri) – доктор PhD, профессор, главный специалист научного отдела Музея Второй мировой войны г. Гданьска (Польша)*

*Римантас Желвис (Želvys Rimantas) – доктор педагогических наук, профессор, Вильнюсский педагогическийуниверситет (Литва)*

*Самашев Зайнолла Самашевич – археолог, доктор исторических наук, профессор, чл.-корр. Германского археологического института. Институт археологии им. А.Маргулана КН МОН РК (Казахстан)*

*Сайлан Болат Санабаевич – доктор исторических наук, Казахский национальный университет им. аль-Фараби (Казахстан)*

*Сыдыков Ерлан Батташевич – доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, ректор Евразийского национального университета им. Л.Н. Гумилева (Казахстан)*

*Таймагамбетов Жакен Кожахметович – доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК,Национальный музей РК (Казахстан)*

**Ответственный редактор:**
Каипбаева Айнагуль Толганбаевна
**Научный редактор:**
Козыбаева Махаббат Маликовна
**Редактор:**
Кубеев Рустем Джаулыбайулы
**Ответственный секретарь:**
Конкабаева Арайлым Нурболатовна
**Технический секретарь:**
Хумарзах Алтынбек

**Editor-In-Chief:**
Kabuldinov Ziabek Ermukhanovich

**Members of editorial board:**

*Abashin Sergei Nikolaevich – Doctor of Historical Sciences, Professor, European University at St. Petersburg (Russia)*

*Abdyrakhmanov Tolobek Abylovich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Rector of I. Arabaev Kyrgyz State University (Kyrgyzstan)*

*Alimbay Nursan – Candidate of Historical Sciences, Professor, Director of the Central State Museum of the Republic of Kazakhstan (Kazakhstan)*

*Abusseitova Meruert Khuatovna – Doctor of Historical Sciences, Professor, Corresponding Member of the NAS RK, Director of the Republican Center for the Study of Historical Materials at R.B. Suleimenov Institute of Oriental Studies (Kazakhstan)*

*Abil Yerkin Amanzholovich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Director of the Institute of History of the State CS MES RK (Kazakhstan)*

*Ayagan Burkitbai Gelmanovich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Deputy Director of the Institute of History of the State CS MES RK (Kazakhstan)*

*Golden Kathie Stromile – PhD, Mississippi Valley State University (USA)*

*Ismagulov Orazak Ismagulovich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, Corresponding Member of Bologna Academy of Sciences, winner of Ch.Ch. Valikhanov Award, Honored Worker of Science and Technology, Professor of L.N. Gumilyov University (Kazakhstan)*

*Karibayev Bereket Bakhytzhanovich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the National Academy ofSciences of the Republic of Kazakhstan, Head of the Department of History of Kazakhstan, Al-Farabi Kazakh National University (Kazakhstan)*

*Kozhamzharova Daria Perneshovna – Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the NAS of the Republic of Kazakhstan, rector of the M. Auezov South Kazakhstan University (Kazakhstan)*

*Kozhirova Svetlana Bassievna – Doctor of Political Science, Professor, Co-Director of the Center for the Study of China and Central Asia of Fudan University and the International Scientific Complex of the National Company "Astana", Head of the Center for Chinese and Asian Studies (Kazakhstan)*

*Kozodoi Viktor Ivanovich – Doctor of Historical Sciences, Professor (Russia)*

*Kokebayeva Gulzhaukhar Kakenovna – Doctor of Historical Sciences, Professor, chief researcher at Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology CS MES RK (Kazakhstan)*

*Kumekov Bolat Eshmukhambetovich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the National Academy ofSciences of the Republic of Kazakhstan, Director of the International Institute of Kipchak Studies of the Al-Farabi Kazakh National University, Professor at L.N. Gumilyov Eurasian National University (Kazakhstan)*

*Matyzhanov Kenzhekhan Slyamzhanovich – Doctor of Philology, Professor, Corresponding Member of the NAS RK, Director of M. Auezov Institute of Literature and Art (Kazakhstan)*

*Morrison Alexander – PhD, Professor, University of Oxford (UK)*

*Murtazayeva Rakhborkhon Khamidovna – doctor of Historical Sciences, Professor at the Department of «History of Uzbekistan» of Mirzo Ulugbek National University of Uzbekistan. (Uzbekistan)*

*Panto Dmitri – PhD, researcher at the Museum of the Second World War in Gdansk (Poland)*

*Rimantas Želvys – Doctor of Pedagogical Sciences, Professor, Vilnius Pedagogical University (Lithuania)*

*Samashev Zainolla Samashevich – archaeologist, Doctor of Historical Sciences, Professor, Corresponding Member ofGerman Archaeological Institute. A. Marghulan Institute of Archeology CS MES RK (Kazakhstan)*

*Sailan Bolat Sanabayevich – Doctor of Historical Sciences, Al-Farabi Kazakh National University (Kazakhstan)*

*Sydykov Erlan Battashevich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, Rector of L.N. Gumilyov Eurasian National University (Kazakhstan)*

*Taimagambetov Zhaken Kozhakhmetovich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the NationalAcademy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, National Museum of the Republic of Kazakhstan (Kazakhstan)*

**Executive Editor:**
Kaipbayeva Ainagul Tolganbayevna
**Scientific Editor:**
Kozybayeva Makhabbat Malikovna
**Editor:**
Kubeyev Rustem Dzhaulybayevich
**Executive Secretary**
Konkabayeva Arailym Nurbolatovna
**Technical secretary:**
Khumarzakh Altynbek

УДК 94 (574)
МРНТИ: 07.00.03

## СЕМЕЙ ӨҢІРІ АУЫЛ ЕҢБЕКШІЛЕРІНІҢ МАЙДАНДЫ ӨНІМ СҰРАНЫСЫМЕН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУІ

**Байгапанова А.Б.[1], Адильбаева А.С.[2]**

[1]Қазақ инновациялық гуманитарлық-заң университетінің 3 курс докторантты.
E-mail: aigul_bol@mail.ru
[2]Қазақ инновациялық гуманитарлық - заң университеті, т.ғ.д., Семей қ. Қазақстан

**Аңдатпа.** Ұлы Отан соғысы жылдарындағы өлкелік экономика тақырыбын қайта зерделеу, айтылмаған, жазылмаған ақиқаттарды ашу–қазіргі заман талаптарының жаңа міндеті екені айқындалды. Соғыстың басталуы, халықтың экономиканы соғыс жағдайына бейімдеуі, қазақстандықтардың тылдағы ерліктерін көрсетуі т.б. мәселелерді ғылыми арнадан қайта зерделеу және бұрын айтылмаған соғыс жылдарындағы халықтың ауыр әлеуметтік тұрмыс жағдайларын зерттеудің маңызы артып, бүгінгі өмір талаптарының өзекті мәселесіне айналды. Сондықтан осы ғылыми жұмыста зерттеуге қаланған тақырып – «Ұлы Отан соғысы жылдарындағы Семей экономикасы» жоғарыда аталған олқылықтарды ескеруге азда болса қосылған үлес деген ойды ұстандық. Басқа өңірліктер сияқты семейліктерде майдан мен оның тылын азықтандырып киіндірді, эвакуацияланған халыққа пана болды, әскери құрамалар дайындап, қаруландырды, майданның өнім сұранысын дер кезінде шығарып отырды. Оның ішінде жеңіл өнеркәсіп салалары сол заманда ерекше дамыған Семей қаласының Ұлы Жеңіске қосқан үлесі бір төбе. Сондықтан, зерттеліп отырған проблемаға орай Семей өңірінің маңызы бар, саяси экономикалық нысандардың бірі болып, майдан арсеналына айналып, орны ерекше екені баршаға аян.
**Түйін сөздер:** Облыс, қала, экономика, тыл, өнеркәсіп, аудан, колхоз, совхоз.

## ОБЕСПЕЧЕНИЕ СЕЛЬСКИМ НАСЕЛЕНИЕМ СЕМИПАЛАТИНСКОГО РЕГИОНА ПОТРЕБНОСТЕЙ ФРОНТА

**Байгапанова А.Б.[1], Адильбаева А.С.[2]**

[1]Казахский гуманитарно юридический инновационный университет
Докторант 3 курса. г. Семей. Казахстан,
E-mail: aigul_bol@mail.ru
[2]Казахский гуманитарно юридический инновационный университет
доктор исторических наук. г.Семей. Казахстан

**Аннотация.** В годы Великой Отечественной войны было отмечено, что изучение тематики региональной экономики в годы Великой Отечественной войны, раскрытие несказанных, неписанных истин–это новая задача современных требований. В период войны, адаптации экономики населения к условиям войны, демонстрации тыловых подвигов казахстанцев и др. Поэтому в этой научной работе мы придерживаемся мнения о том, что «экономика Семипалатинска в годы Великой Отечественной войны» внесла немалый вклад в учет вышеупомянутых пробелов.
Как и в других регионах, в Семипалатинске предоставляли продукты для фронта и его тыла,

вооружали воинские формирования, своевременно обеспечивали потребности фронта в продукции. В том числе и в сфере легкой промышленности, в то время как город Семипалатинск был особо развитым, вносит свой вклад в Великую Победу. В связи с этим, в связи с изученной проблемой, семейский регион является одним из важных политических экономических объектов, становится Арсеналом фронта и занимает особое место.
**Ключевые слова:** область, город, экономика, тыл, промышленность, район, колхоз, совх

## COVERING THEFRONT DEMANDS BY THE RURAL POPULATION OF THE SEMIPALATINSK REGION

**Baigapanova A.B.[1], Adilbayeva A.S.[2]**

[1]Kazakh University of Humanities and Law Innovation, 3rd year Doctoral Student
Semey, Kazakhstan
E-mail: aigulbol@mail.ru
[2]Kazakh University of Humanities and Law Innovation, Doctor of History
Semey, Kazakhstan

**Abstract**. During the great Patriotic war, it was noted that the study of the regional economy during the great Patriotic war, the disclosure of untold, unwritten truths-a new task of modern requirements. During the war, the adaptation of the economy of the population to the conditions of war, demonstration of rear feats of Kazakhstanis, etc. Therefore, in this scientific work we are of the opinion that" the economy of Semipalatinsk during the great Patriotic war " made a significant contribution to the account of the above-mentioned gaps.
As in other regions, the front and its rear were fed in Semipalatinsk, evacuated people were killed, military formations were manufactured and armed, and the front's production needs were promptly withdrawn. Including in the sphere of light industry, while the city of Semipalatinsk was particularly developed, contributes to the Great Victory. In this regard, in connection with the studied problem, the Semey region is one of the important political and economic objects, becomes the Arsenal of the front and occupies a special place.
**Keywords:** region, city, economy, rear, industry, district, collective farm, state farm.

### Кіріспе

Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың өзінің тәуелсіздік алғаннан бергі жиырма жылдан астам уақыт ішінде Қазақстан Республикасының мемлекеттілігін нығайту барысында жүргізген мағызды іс-шараларының бірі - Отандық тарих ғылымының дамуын жаңа арнаға түсіріп, олардың қызметін қазақ халқының өткені мен өшкенін түгендеуге, жаңғыртуға, кенже қалған салаларын дамытуға жұмылдыру болды. Еліміз Тәуелсіздік алғаннан кейін тарих беттерін қайта саралап зерттеу батыл қолға алынды. Мемлекет тарапынан «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасы қабылданып, мұрағат қорларындағы белгісіз тарихи мұраларымызды зерделеудің тұтастай жүйесін құру жөнінде шаралар іске асырыла бастады. Ұлы Отан соғысы тарихын тоталитарлық кеңестік жүйе идеясының талаптарына бағындырылып, тарихтың тек жарқын беттерін көрсетуді мұрат тұтты, коммунистік партия ел басқаратын бірден-бір партия болғандықтан, оның қызметі тек біркелкі жағымды жағынан көрсетілді. Кеңес Одағының құрамдас бөлігі ретінде Қазақстандықтар аянбай тер төкті. Соғыс жылдарында Қазақстан майданды шикізатпен қамтамасыз ететін негізгі әскери өнеркәсіп базасы болды. Қазақстан майданды малмен және мал өнімдерімен қамтамасыз ететін негізгі республика болды. Соғыс кезінде Қазақстан мал саны жөнінен одақта Ресейден кейінгі 2-

орында болды. Соғыс жылдарында тылда еңбек еткен жұмысшылар ерлігі аңызга айналды. Георгий Хайдин мыңдықшылар қозғалысының жетекшілері А. Семиволос пен И. Янкиннің әдісін қолданған республикадағы үздік бұрғылаушы болды. Соғыс жылдарында Ы. Жақаев, Ш. Берсиев, Б. Сомжүрекова, Ким Ман Сам, В.П. Кривич, И.Я. Кудлай есімдері бүкіл елге мәшһүр болды.

Отан тарихы егеменді елдің талабына орай зерттеліп, бұрмаланып келген және ақиқаты ашылмаған мәселелер қайта қаралып, оған дерек көздерімен дәлелденген обьективті бағасы беріле бастады.

**Материалдар мен әдістер**

Тақырыпты зерттеу барысында осы уақытқа дейінгі ғылыми айналымға тартылмай келген мұрағат құжаттары мен әр түрлі құжаттық жинақтар, мерзімді баспасөз материалдары, ғылыми еңбектердің мәліметтері, естеліктер кеңінен пайдаланылды.

Зерттеу нысаны етіп алынған тақырыпты ашу барысында Қазақстан Республикасы Орталық мемлекеттік мұрағаты (ҚРО ММ) және ШҚО Қазіргі заман тарихын құжаттандыру орталығы (ШҚО ҚЗТҚО) қорларынан алынды. 1660- «Қазақстан Ұлы Отан соғысында», ШҚО Қазіргі заман тарихын құжаттандыру орталығының (ШҚО ҚЗТҚО) 1399-қорында «Семейдің бастапқы жүн өңдеу фабрикасы», 591-қорында «М.И.Калинин атындағы Семейдің ет-консерві комбинаты», 1378-қорында «Большевичка» тігін фабрикасы, 7-қорында «Семей облыстық партия комитеті», 103-қорында «Семей өнеркәсіптері», 410 қор- «Семей облыстық ауыл шаруашылық басқармасы», 1941-1945 жж. аралығындағы құжаттары, соның ішінде КП ОК-нің Бюро отырысының хаттамалары, қаулылары, шешімдері, партия пленумдарының жарыссөздері, қорытындылары мен қаулылары, шаруашылықты соғысқа бейімдеп қайта құру әрекеттері, әскери құрамаларды жасақтау, эвакуацияланған кәсіпорындар, халықты және малдарды орналастыру, майданға кеткен ерлерді алмастыруда әйел маман кадрларды даярлау, мәдени-ағарту материалдары, Қазақстан еңбекшілерінің майданға шефтік көмегі мен қамқорлығы, дезертирлермен күрес, т.б. тақырыпта жинақталған істердің мұрағаттық құжаттары қолданылды. 103-қорда «Семей облысының БК(б)П ОК қаулылары мен шешімдері, облыстық партия комитеті мен облыстық жұмысшы депутаттардың кеңесі мен атқару комитеттерінің пленум, бюро отырыстарының хаттамалары, қаулылары, шешімдері, есептер мен ақпараттық материалдары, еңбекшілердің арыз-шағымдары, жалпы жиналыстарының хаттамалары, барлық жұмыстарды соғысқа бейімдеп қайта құру және социалистік жарыстар ұйымдастыру құжаттары т.б. Ұлы Отан соғысы жылдарындағы әлеуметтік-экономикалық жағдайына қатысты құжаттар мен деректер пайдаланылды.

Тақырып бойынша зерттеу жүргізген тарихшы ғалымдарының (М. Қозыбаев, Т. Балақаев, т.б) ғылыми еңбектері пайдаланылды.

Елдің экономикалық-әлеуметтік жағдайын анықтау барысында соғыс жылдарында және соғыстан кейінгі жылдары жарық көрген бүкілодақтық және республикалық «Правда», «Казахстанская правда», «Социалистік Казахстан», «Егемен Қазақстан», «Большевик Казахстана», т.б. газет-журналдарымен қатар Семейде шыққан «Екпінді», «Прииртышская правда», т.б. мерзімдік баспасөз материалдары зерделеніп ғылыми айналымға қосылды.

Талдау. Бұл тақырып төңірегінде кеңес тарихнамасында көптеген ғылыми зерттеулер жүргізілгені аян. Соғыс, оның ішінде Ұлы Отан соғысы тақырыбы кеңес мемлекетінің үстемдік құрған уақытында ресми билік идеологиясы негізінде түсіндіріліп, жұртшылыққа баламасыз тарихқа айналғаны ақиқат.

Семей өңірінің Ұлы Отан соғысы жылдарындағы экономикалық жағдайы мәселесі кешенді түрде зерттелмегенмен, оның кейбір аспектілері жалпы Ұлы Отан соғысы тарихына арналған еңбектерде белгілі-бір дәрежеде көрініс тапқан. Ұлы Отан соғысы жылдарындағы Семей өңірінің әлеуметтік экономикалық жағдайы мәселесі соғыс жылдарындағы халықтың әлеуметтік жағдайы

мен тұрмысы туралы және тағы басқалар сынды әлі де болса ақтаңдақ беттері ашылмаған тарихи мәселелермен тығыз байланысты. Сондықтан да, біздің зерттеуіміздегі тарихнамалық бағыттағы мақсатымыз аймақтың соғыс жылдарындағы әлеуметтік экономикалық жағдайына байланысты тарихи мәселелерді қарастырған еңбектерге талдау жасау, соның негізінде тақырыптың тарихнамасын жүйелеу болып табылады.

Қазақстан тарихының тарихнамасында қазақстандықтардың Ұлы Отан соғысына қатысуы, еңбек тылындағы кеңес адамдарының даңқты істері сол кезеңнің өзінде мерзімді баспасөз беттерінде, оның ішінде одақ көлеміндегі түрлі баспасөз және бұқаралық насихат құралдарының беттерінде К.В. Островитянов, Н.Х. Янковский мен Н.М. Максимов, Ким Ман Сам, Ж. Шаяхметовтердің еңбектері жариялана бастады. Аталмыш еңбектерде Қазақстан колхоздары - Кеңес Одағының қорғанысын нығайтқаны, стахановшылардың қозғалысына үн қосқан колхозшылардың егін және мал шаруашылығында қол жеткізген жетістіктері мен іс-тәжірибелері жөнінде жазылған. (Геллер, 1942) «Большевик Казахстана» басылымындағы мақаласында Новошульба мен Белағаш аудандарындағы колхоздардың мал жайылымдарын ұйымдастырудың тәжірибелері мен нәтижелері жөнінде айтылған. (А.Н. Нүсіпбеков, 1947 (О. Малыбаев, 1955 ) пен (Ғ. Әбішов, 1958 ) жұмыстары жаңа пайымдаумен көзге түсті. А.Н. Нүсіпбеков алғашқы мұрағат деректері негізінде соғыс жылдарындағы Қазақстанның қосқан үлесін толық ашып көрсетуге тырысқан. О.Малыбаев өз еңбегінде Жеңісті жақындатқан Кеңес Одағындағы халықтар достығы екеніне басты назар аударып, бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығарған әртүрлі халықтар арасындағы достықты дәріптейтін жаңа бір зерттеудің жолын көрсетіп берді. Дегенмен еңбектің коммунистік идеология тұрғысынан жазылғандығы айқын көрінеді.

ХХ сьезден кейін Сталиннің жеке басына табынушылығын әшкерелегеннен кейін, майдан мен тылдың бірлігі, республика көлеміндегі шаруашылықтың түрлі салалары мен кәсіпорындардың атқарған қызметі жөнінде көптеген зерттеулер шыға бастады. Солардың ішінен Ф.Михайлов пен К.Оразовтың еңбектері. (Ф.Михайлов 1962) пен (К.Оразов 1975) өз еңбектерінде соғыс кезіндегі қиын проблемалардың бірі – кәсіпорындар мен көлік саласы үшін қажетті кадрларды даярлау мәселесіне тоқталады.

Белгілі тарихшы - М. Қозыбаев Қазақстанның Ұлы Отан соғысы кезіндегі тарихы мен тарихнамасын зерттеуге көп еңбек сіңірді. Қазақстанның соғыс жылдарындағы тарихын жүйелі зерттеген ғалымдардың бірі. М. Қозыбаев бұл тақырыпқа ондаған ғылыми зерттеулерін арнады. Қазақстан халқының майдан мен тылдағы жеңіске қосқан үлестеріне лайықты бағасын берді. Оның ішінде шығысқазақстандықтардың да еңбектері аталып өтіліп, «Қазақстан-майдан арсеналы» деген қорытынды жасады. Кейінен (М. Қозыбаев, 1970) Қазақстан тарихына жаңа тарихи тұрғыда әділ баға беруде жазған еңбектері зерттеудің бағыт - бағдарламасын айқындап берді.

(Т.Б. Балақаев, 1971) өзінің зерттеуінде статистикалық мекемелер мен мұрағат деректерінің, колхозшылардың естеліктері, мерзімді баспасөздегі мақалаларға сүйене отырып, ауыл және ауыл еңбекшілерінің жай-күйін, атқарған жұмыстарына баға береді.

1965 жылы жарық көрген тарихшы (В.Я. Басин, 1965) еңбегінде соғыс жылдарындағы ауыр өнеркәсіп салаларының қызметі жан-жақты талданып, кең көлемде баяндалған. Еңбекте Қазақстан территориясындағы ауыр өнеркәсіп орындарының қысқа мерзім ішінде соғыс мүддесіне сай қайта құрылып іске қосылуы, соғыс өртіне шалынған аймақтардан көшіп келген кәсіпорындардың тез іске қосылып, майданды жабдықтауы, жаңа өнеркәсіп салаларының – қара металлургия, машина жасау, вольфрам және молибден шығару, мұнай өңдеу т.б. дамуы, кәсіпорындардың қызметтері, отын-энергетиканы нығайту және шикізат қорын кеңейту шаралары, өндіріс орындарындағы еңбек бәсекелестігінің ұйымдастырылуы, отандастардың қызмет орнындағы патриоттық қозғалысы қарастырылды.

Семей өңірінің тарихын ерте заманнан бүгінге дейін кешенді баяндайтын, еліміздің егемен тұсында жарық көрген бірден-бір еңбек - екі томдық «Шығыс Қазақстан тарихы» болды. Аталған еңбектің екінші томында Ұлы Отан соғысы жылдарындағы Шығыс Қазақстан өңірінің жеңіске қосқан үлесі қысқаша түрде жазылған. Соғыс жылдарындағы өңір тарихы негізінен кеңестік дәуірде жарық көрген. Кеңестік кезеңдегі идеология бойынша тек жағымды жақтары баяндалып, халықтың әлеуметтік жағдайы мен ауыр тұрмысы туралы мүлдем айтылмайды. Және де Ұлы Отан соғысы жылдарындағы Семей өңірінің жағдайын тұтастай толық баяндайтын тарихи еңбектердің жоқтың қасы екенін көруге болады.

Тәуелсіздік алғаннан кейінгі кезеңде Ұлы Отан соғысы жылдарындағы Қазақстан тақырыбына (А.В. Шошенко, 1951) (Г. Абишев 1958), (А.Р. Чокин, 1975), сынды тарихшылар өз зерттеу жұмыстарын арнады.

Көріп отырғанымыздай, Ұлы Отан соғысы мәселеріне арналып, жарық көрген еңбектердің саны көп, мазмұны жағынан алуан түрлі.

Дегенмен, олардың ешқайсысында Семей өңірінің әлеуметтік-экономикалық жағдайы қазақ тілінде арнайы әрі кешенді зерттелмейді. Жоғарыда аталған зерттеулерде аймақтың соғыс жылдарындағы экономикалық жағдайының кейбір тұстары ғана зерттеу аясында баяндалып, халықтың әлеуметтік жағдайы мүлдем қарастырылмайды.

Сондықтан да, Ұлы Отан соғысы жылдарындағы Семей өңірінің әлеуметтік-экономикалық жағдайын кешенді зерттеу қажеттігі туындап отыр.

Қалалар тарихын зерттеген ғалым Ж.Қасымбаевтың екінші монографиясы Семей қаласының экономикалық дамуының мазмұнын ашуда қайнар көзі болып табылады. Семей қаласының 1941-1945 жылдардағы әлеуметтік-экономикалық дамуы жан-жақты ашылып көрсетілген.

**Нәтижелер**

Ал бұл жеңістің қайнар көзі – кеңес халықтарының жоғары отаншылдығы, олардың арасындағы осындай қиын-қыстау сәттегі достықтың нақты көрініс тапқандығы, Коммунистік партияның басқарушылық, бағыттаушылық қызметі болғандығы айғақ. Оның шынайы дәлелі-Кеңес Одағы барша тұрғындарының құрамындағы қазақстандықтардың осы соғыстағы майдан мен тылдағы жанқиярлық ерліктері мен екпінді еңбектері. Осының ішінде Қазақстанның тыл еңбеккерлері соғысты жеңіспен аяқтау үшін Кеңес Армиясының үнемі өсіп отырған сұранысын толығымен қанағаттандыра білуі аса маңызға ие болды. Осылардың қатарында Кеңес Одағы үшін үлкен сын болған 1942 жылы Қазақстан шаруашылығы, тыл еңбеккерлерінің майданды қажеттің барлығымен қанағаттандыра білуі ерекше тоқталуға тұрарлық .

1942 жылдың басына дейін бүкіл Кеңес Одағы халық шаруашылығының қатарында Қазақстанның өндірістік, ауылшаруашылығы орындары қорғаныс мақсатына сай жұмыс істеуге толығымен көшіріліп болды. Бұрын бейбіт өнім шығарып келген көптеген зауыттар мен фабрикалар қайтадан жабдықталып майданға қажетті өнім шығаруға ауысты. Бұл кәсіпорындарды маман жұмысшылармен қамтамасыз етуде жүйелі жұмыстар қолға алынды. Әсіресе майданға кеткен ерлердің орнына әйелдерді дайындауға, олардың жаңа кәсіпті меңгеруіне баса назар аударылды. Сұрапыл соғыс жылдарында Қазақстан майданының сенімді берік арсеналына айналды. Осынау қатал да сұрапыл соғыста Қызыл Армияның жеңіп шығуына семейліктердің қосқан үлестері зор. Әсіресе тылдағы ауылшаруашылығына еңбек еткен әйел, балалардың ерліктерін атап айтуға болады.

Соғысқа дейінгі ауылшаруашылық деңгейін қалпына келтіру үшін жас ауылдықтар тартылды, еңбек күндері көбейді; Семей кәсіпорындары ауылшаруашылық техникасын жөндеуге, жұмыстарға қала тұрғындары жұмылдырылды. (Мысалы, 1942 ж. 17 мыңнан астам адам, 1944 ж.

– 15,3 адам). Егіннің азаюына қарсы күрес жүргізілді; Қызыл Әскер нан қоры қалыптасты (1942 жылдың алғ.айында жеке қордан 440 ц ет, 24,4 мың л. сүт, 580 ц бидай, 325 ц картофель және т.б.). Гере облысы 1941 ж. Жеткізу жоспарын іске асыра алмаса, 1942 ж. жақсы көрсеткіш көрсетті. 194243 ж. қатал қысы мал басының 13,6% азаюына әкеп соқты. 1944 ж. мал басы тағы да азайды. Бірақ астық мол болды, жеткізу жоспары орындалды, ал 1945 ж. артығымен орындалды. Семейліктер босатылған аудандарға 235 комбайн, 45 трактор, 40 автомобиль, 1235 жұмыс жылқыларын және т.б. жіберді (ШҚОҚЗТҚО. 410-қ, 3-т., 456-іс, 23-п.).

Семейдің жеңіл өнеркәсіп орындары өнімді 1943 жылы 1940 жылмен салыстырғанда төрт есе, жергілікті өнеркәсіп 2,5 есе көп өндірді.1943 жылдың төрт айында Семейден Қызыл Армияны жабдықтауға жоспардан тыс өнім тиелген ондаған эшелон жөнелтілді.Тері комбинатының қызметкерлері, жұмысшылары, инженерлері мен техниктері жанқиярлықпен еңбек етті. Олар жоспардан тыс өндірілген өнім есебінен үш дивизияны киіндірді.

Бүкілодақтық социалистік жарыста Семейдің кеме жөндеу зауыты, Володарский атындағы тігін фабрикасы, құрама–жем зауыты жоғары көрсеткіштерге жетті.Отан соғысының екі жылында ғана Семей облысының еңбекшілері танк колоннасының құрылысы мен ұшақтар жасауға, «Қазақстан комсомолы» сүңгуір қайығын құрастыруға жүздеген мың сом қаржы құйды.

Облыс ауыл шаруашылығы еңбекшілерінің алдында Ұлы Отан соғысының алғашқы күндерінен бастап күрделі міндеттер тұрды. 1941 жылы 26-шы шілдеде Үржар ауданының «Красные горные орлы» ауыл шаруашылық артелінің колхозшылары майданға көмек көрсету мақсатында бүкіл республика еңбекшілеріне социалистік жарысты одан әрі өрістету халық шаруашылығы жоспарларын мерзімінен бұрын орындау, майдандағыша еңбек ету туралы үндеу көтерді. Сол кезде Семей облысының партия комитетінің қолдауымен, мақұлдауымен бұл бастама облыс шаруашылықтарында, қала кәсіпорындарында қызу талқыланды.Өз үндеулерінде былай деп жазды: «Колхоз жиналысында біз жауды талқандау жолында еңбек вахтасына тұрамыз деп шештік.Соғыс жағдайына орай колхозшылар жаңа тәртіпке көшті.Әрбір адам енді 2-3 норма орындауға жетісетін болады.Бізде белгіленген жаңа күн тәртібі бойынша әрбір колхозшы таң атқаннан күн батқанға дейін жұмыс істейтін болады. Түскі үзіліс уақытын 2 есе азайттық. Әрбір минутты үнемдеп пайдаланатын боламыз (ШҚОҚЗТҚО. 410-қ., 3-т., 456-іс, 24-п).

Үржарлықтар бастамасын қолдай отырып Абай ауданы, «Бірлік» колхозының еңбекшілері де көтеріңкі социалистік міндеттеме қабылдады.Белағаш ауданының «Новый путь» колхозының колхозшылары мемлекетке жоспардан тыс 75 мың сомның өнімдерін өндіру туралы қосымша міндеттеме қабылдады. Өнім тапсырудың жылдық жоспарын осы жылдың қазан айына дейін орындап күздік егістің көлемін 200 гектарға жеткізу туралы, еңбек нормаларын 30 процентке көбейту жөнінде Новошульба ауданының Киров атындағы ауыл шаруашылық артелінің мүшелері көтеріңкі міндеттеме алды (ШҚОҚЗТҚО. 410-қ., 2-т., 84-іс, 11-п).

Облыстық және аудандық газеттердің беттерінде Үржарлық патриоттар үндеуін талқылаудың, орындалу барысын және қорғаныс қорына ақша жинаудың барысы жүйелі түрде жазылып тұрды. 1941 жылдың тамыздың 10-шы жұлдызында қорғаныс қорына облыс еңбекшілері 160 миллион сом қосты. Аякөз ауданы еңбекшілері 1200 пұт астық,1080 пұт ет,120 пұт май, Абыралы ауданы 25077 сом ақшалай, 1193 кг ет, 154380 сомның облигациясын қосты (ШҚОҚЗТҚО. 410-қ., 2-т., 84-іс, 12-п.).

Соғыстың алғашқы 2 жылында ғана облыс еңбекшілері самолеттер жасау үшін 32 миллион сом қаражат жинады. Ақсуат ауданының еңбекшілері танк колонналарын жасақтауға 2523000 сом өткізді. Аз ғана уақыттың ішінде «Семей колхозшысы» атты танк колоннасын жабдықтау қорына сол кездегі Абыралы ауданының колхозшылары 316316 сом ақша тапсырды (Елагин 1984. -24 с.).

Егін жинау науқаны кезінде комсомол жастар бригадасы мен звенолары Стахановшыларша еңбек етті.Олар үздік жұмыс істегені үшін гвардияшы және майдангер бригадалар мен звенолар

атағына ие болды. Үржар, Ақсуат, Аякөз, Абай аудандарының комсомол ұйымдары мүшелері жоғары ұйымшылдық танытып,бірнеше норма орындауға жетісті.

Абай ауданының «Шолақ Еске» ауылшаруашылық артелінің қарт колхозшысы Кенебаев та шөп шабуға кірісіп, өзінің өнімді еңбегімен жастарға үлгі көрсетті.Егін орағына қатысқан 4 мың колхоз жоспары 14 мың мектеп оқушысы 30 мың гектар жердің егінін орып,18 мың центнерге жуық астық бастырды. Ақсуат ауданы Ерназаров мектебінің оқушылары өз құрбылары арасынан еліміз бойынша 2-орынды жеңіп алды. Мектеп комсомолдары Орталық Комитеттің ауыспалы Қызыл Туымен наградталды.1942 жылы қаңтар айында Жарма ауданының «Рассвет» колхозшыларына облысымызда құрылған 238-ші атқыштар дивизиясының жауынгерлерінен хат келді.Осы оқиғаға арналған жиналыста жерлес жауынгерлердің ерлік істеріне және Қызыл Армияның 24 жылдығына тарту ретінде оларға колхоз мүшелері 10 центнер ет, 10 кг сары май, 370 жылы киім жіберуге шешім қабылдады. Ал дивизия командирі Г.П. Коротков жолдасқа колхозшылар сәйгүлік ат сыйлады (Демаков 1968: 3).

Мектеп мұғалімдері мен оқушылары егіс далалары мен мал фермаларындағы қиын жұмыстарды атқару барысында өздерінің баға жетпес үлестерін қоса білді.Ер азаматтар майданға Отан қорғауға кеткен сәтте,тылдағы еңбектің басты ауыртпашылығы әйелдерге, қарттарға, жастарға, жасөспірім балаларға түсті.

Сол кездегі колхоз өмірінің көп фактілері әйелдердің патриоттық істеріне, сезімдеріне толы.Облыста 1942-1943  жылдарда 4484 механизатор даярланса оның 4084-і әйелдер, оның жартысына жуығы қазақ қыздары болды.Тракторшы әйелдер Вера Гритичина (Новошульба МТС-і), Бағдат Хасенова (Шар МТС-і), өздерінің күндік нормаларын 2 есе орындауға жетісті. Нурия Жарабасова (Қарақол МТС-і), Жамиға Тезекова (Аякөз ауданы) күндік норамаларын үнемі орындап бақаларға үлгі болды. (Смағұлов, 1980: 2)

Аякөз ауданы,Таңсық МТС-інің трактор жүргізушілері Ж.Тезекова мен Т.Әбілхайдарова өздрінің патриоттық сезімдерін мына жолдармен білдіреді: «Біз өз мамандығымызды сүйеміз және бұдан былайғы кезде де колхоз байлығын арттыруға бар күш жігерімізді жұмсаймыз.Біз тракторды қалай меңгерсек, танкті де солай игереміз...». Бұл еңбек озаттары республиканың басқа да механизатор әйелдерін барлық ауыл шаруашылық жұмыстарын дер кезінде аяқтауға шақырады. Жарма ауданының трактор жүргізушісі Қ.Қасымбекова күндік тапсырмасыни 300 процентке дейін орындауға жетісті.

Шульба ауданы «Красный партизан» колхозының комбайншысы А. Макеева 95 гектардың орнына 123 гектар жердің астығын жинады.Соғыс жылдарында әйелдер алдыңғы шепте жүріп, жауапты қызметтерді атқарды.Үржар ауданы «Егінсу» колхозынан қой фермасын басқарған Қ.Төлендина, сиыр фермасына басшылық жасаған Ш. Жақашева, Абай ауданы «Жарылқамыс» сиыр фермасының бастығы Торғын Айқынбаева, Шар ауданы «Верный путь» колхозының төрайымы И. Евдокимова соғыс жылдарында уақытпен санаспай еңбек етті, басқаларға үлгі бола білді (Чушекова, 2010:3 ).

Бұл кезде ауыл шаруашылығы машиналарының тілін білу қажеттілігі туды, 5-6 класс оқушыларына қарапайым ауыл шаруашылық машиналарын міндетті түрде оқу-игеру тәртібі енгізілді.Желтоқсан айында облыстың 19 мектебінде 1100 оқушы трактор, Комбайн орта мектептердің 700 оқушысы мен 300 мұғалімі ауыл шаруашылық машиналарын игеруге жұмылдырылды.

Соғыстың қиын жағыдайында Қазақстан малшылары 1942 жылы мал басын 2 миллион көбейте алды.Бұл жұмыстарда Семей облысы ауыл шаруашылығы еңбекшілерінің де қосқан үлесі зор болды. 1942 жылдың облыс колхоздары астық ет т.б.ауыл шаруашылық өнімдерін барынша мол өндіріп,уақытында тапсыру мәселелері тұрды.Бұл айтуға оңай,орындалуы қиын жұмыстар еді.

Соғыстың қиын жағдайында Қазақстан малшылары 1942 жылы мал басын 2 миллионға көбейте алды.Бұл жұмыстарда Семей облысы ауылшаруашылығы еңбекшілерінің де қосқан үлесі зор болды.1942 жылдың облыс колхоздары астық, ет т.б. ауыл шаруашылық өнімдерін тапсыруды артығымен орындады.Облыс еңбекшілері Брянск (селолық) және Рочнединск аудандарын қамқорлыққа алды.1943 жылдың желтоқсанында Семей облыстық партия комитетіне жолдаған жеделхатында Абыралы ауданының бірінші хатшысы Р. Жотабаев «Орел облысының Брянск селолық ауданына шефтік көмек ретінде аудан еңбекшілері 65 мың сом, 67 бас қой мен ешкі,128 кг сары май,көптеген кітап және басқаларды әзірледі»-деп хабарлады.

Соғыстың алғашқы үш жылында ғана облыс еңбекшілері майданға 31 вагон азық-түлік, сыйлықтар жіберді. 150 мың жылы киім, 35 мың пима,11 мың жеке посылкалар жіберілді. 1944 жылдың көктемінде 1-ші Прибалтика майданына Қазақстаннан үлкен делегация сыйлықтар алып барды. Оның құрамында Семей ет комбинатының жұмысшысы, тыл гвардияшысы С. Дәулетияров та болды (ШҚО ҚЗТҚО. 591-қ., 591-қ., 2-т., 61-іс, 95-п)

Колхозшы шаруалар жұмысшы табымен бір сапта еңбек етті. Жау еліміздегі барлық егістіктің 47 пайызын, ірі қараның 45 пайызын қамтитын құнарлы, бай жерлерін басып алды. Семей облысы колхозшыларының арасында мемлекетке ауыл шаруашылығы өнімдерін мерзімінен бұрын тапсыру, егіннің шымылдығын және мал шаруашылығы өнімдерін арттыру жөніндегі патриоттық қозғалыс кең қанат жайды. 1941 жылы 26 шілдеде Үржар ауданының «Красные горные орлы» ауыл шаруашылық артелінің мүшелері халық шаруашылығы жоспарын мерзімінен бұрын орындау, майданға көмекті барынша күшейту жөнінде бастама көтерді.

Жарма ауылының «Расцвет» колхозы мемлекетке алдағы ет тапсыру жоспарының есебіне 500 бас ірі қара өткізді, заемға бересі 13 мың сомды белгіленген мерзімінен бұрын өтеп берді. (ШҚО ҚЗТҚО. 591-қ., 591-қ., 2-т., 61-іс, 96-п.).

Шар ауданы «Красный труд» ауыл шаруашылық артелінің мүшелері норманы жұмыстың барлық түрінен 20 пайызға дейін арттыру, мемлекетке астық өткізу тапсырмасын 20-тамызға дейін орындау, мал базаларын салуды және жөндеуді 15-қазанға дейін аяқтау жөнінде шешім қабылдады.

Соғыстан кейін Қазақстан КП Орталық Комитет колхоз төрағасы Китченконың партия ұйымының хатшысы Казаринның баяндамасын тыңдап қаулы қабылдады. Онда «Красные горные орлы» колхозының Ұлы отан соғысы жылдарындағы елеулі еңбегі атап өтілді. Үржарлықтардан Жарма ауданының «Расцвет», «Организатор» колхоздары да қалысқан жоқ [1,91]

Отан алдындағы міндетін жете түсіне отырып, Жарма ауданының малшылары, соғыс уақытының қиыншылықтарын жеңіп, 1942 жылғы мемлекеттік мал басын өркендетудің жоспарын ірі-қара малдан 101%, жылқы жөнінен 102,5% орындады. Ал ірі қара малдың өсімі 20,5 %, жылқы өсімі 19,7% болды. Жеке колхоздар мұнан да көрнекті табысқа жетті: қоғамдық мал басы «Бірлікшіл» колхозында жылқы жөнінен 29,2%, ірі – қара жөнінен 39,6%, қой-ешкі жөнінен 33,6%; «1 май» колхозында жылқыдан 70%, ірі-қара жөнінен 30,7%, қой-ешкі жөнінен 28,3%, «Буденный» атындағы колхозында жылқыдан 20 %, ірі-қарадан 35,9%, қой-ешкіден 25% өсті. Мал шаруашылығын өркендетудің жоспары асыра орындалды (ШҚОҚЗТҚО. 410-қ., 3-т., 456-іс, 9-п.).

1942 жылы облыс мемлекетке етті, сүтті, жүнді және басқа да мал шаруашылығы өнімдерін оның алдыңғы жылдардан едәуір артық тапсырды. Мал саны көбейді. Ет тапсыру соғыстан бұрынғы жылдардағыдан екі есе артық болғанына қарамастан, ірі қара, қой-ешкі, жылқы, түйе саны бұрынғыдан кеміген жоқ. Семей облысы еңбекшілерінің бұл қажырлы еңбегі партиямыздың орталық органы «Правда» газетінде үлкен бағаға ие болды. Онда : «Бұл сұрапыл жылдарда Кеңес елі мен Қызыл Армия азық-түліктен елеулі тапшылық көрмей келеді. Әйелдер мен жас өспірімдер

ерлері мен әкелерінің орнын басты, соғыстың ауыр жағдайында олар астық өсірді, мал шаруашылығы өнімдерін өндірді» делінді (ШҚОҚЗТҚО. 410-қ.,3-т.,456-іс, 8-п.). Ауданда 1942 ж. көктемгі егіс жұмысын сапалы әрі бірінші болып «Қызыл жұлдыз» (М.Қожағапанов), «Қарақия» (Оспанов), «Бөлектас», «Веселый пахарь», «Егінбұлақ», «8-март», «Шығыс», «Ұйымшыл», «Верный путь», «Байбура», «Пробуждение», «Светлый путь», «Кезеңсу» колхоздары орындап шықты.

